

---

## «МИФ», «ДІН» ЖӘНЕ «МӘДЕНИЕТ» ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ ЖАҢАНДАНУҒА ӘСЕРІ

Ж.К. Мадалиева

«Миф», «дін» және «мәдениет» қазіргі ғылымның зерттейтін тартымды объектілеріне жатады. Бұл құбылыстарды қоғамдық ғылымдардың барлық түрлері зерттеп, әркім өзіне тән ерекшелігін түсіндіреді. Мамандар «миф» пен «дінді» ертедегі мәдениеттің бөлінбес бөлшегі деп, жалпы мәдениеттің бөлігі ретінде, қазіргі рационалдық мәдениеттің де бөлігі деп қарастырады.

Осындай пәнаралық пікір алуандығы зерттеушіге бұл мәселеге бүтіндей көзқарас қалыптастыруға қиындық туғызады. Бірақ та осындай көзқарастың қалыптасуы философияның, оның ішінде дін философиясының шешетін мәселесі болып табылады. Бұл жағдайда бұл мақаланың көтеріп отырған мәселесі өзекті екені сөзсіз.

«Миф» пен «дін» құбылысы жайындағы көптеген түсініктердің болуы олармен тек архаикалық қана емес, қазіргі мәдениеттің де әртүрлі құбылыстарын атайды. Осыған байланысты архаикалық элементтердің қазіргі заманға ауысуының дұрыстығын және олардың шегін анықтау да өзекті.

Бұдан басқа, мифологиялық элементтер сақталған бұқаралық мәдениет барлық елдердегі адамдар өмірінде жаһанданудың әсері арқылы көптеген өзінің таңбасын түсіруде.

Адамзаттың магистральды дамуынан тыс жатыр деп есептелетіндердің өздерін де осы жоғарыда аталған құбылыс белгілі бір өзгерістерге ұшыратады. Әлемдік жүйеге кіруге қиынсынатын немесе ол процестен мүлдем бас тартатын қоғам өзінің ерекше өркениеті мен мәдениетін сақтап қалғанымен, дағдарысқа ұшырайды.

Әлемнің көптеген елінде басымдық танытатын қазіргі рационалды мәдениет әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің жұмыла кірісуі арқасында дәстүрлі мәдениеттің мифологиялық және діни әлеуетін арттырады.

XX ғасырда зерттеушілердің мифке, дінге, мәдениетке қызығушылығы арта түсті. Мифті зерттеуді бірнеше бағытқа жіктеуге болады. Мифті талдаудағы философиялық дәстүр (Ф. Шеллинг [1], Ф. Ницше [2] мәдениеттегі адам болмысының мәнін түсінудің кілті мифте деп қарастырады. Бұндай көзқарас мифті әлемді игерудің әдісі деп, мифологияның гносеологиялық мәселелерін қамтиды (миф таным тәсілі немесе түсіндіру), сонымен бірге шығармашылық мәселесін зерттейді. Мәдениеттанушылық тәсілді жақтаушылар (К. Леви-Строс [3], А. Токарев [4] және басқалары) дәстүрлі қоғамдағы мифтің рөлі мен орнын зерттейді. Ежелгі адам ойлауы мен іс-әрекетін дәстүрлі мәдениетке

---

барабар қалыптастыруға тырысады. Мифті зерттеуге арналған жұмыстардың өте көптігіне қарамастан ол туралы түсініктің жалпы мәнді анықтамасы жоқ екенін атап өту ләзім. Қарама-қарсылықтарға құрылған иррационалды алғашқы ойлаудан іздеуінде, ал анықтама формалдық логиканың құралы болғандықтан ешқандай қарама-қайшылықты төзбейді.

Қазіргі әлемнің әртүрлі бөліктерінің арасында бір-біріне бағынышты процестердің болып жатқандығын түсіндіретін «жаһандану» жайындағы түсініктің өзі күрделі. Жаһандану мәселесі бүгінгі күні философтардың, саясаттанушылардың, социологтардың, экономистердің талқылауының нағыз өзегі болып табылады. Жаһанданудың негізгі үрдістерін былай деп атауымызға болады: көпшілікке арналған коммуникацияның тендессіз дамуы, ұлттық экономиканың жаһандық бірегей экономикаға бірігу үрдісі, бөлек әлеуметтік-тарихи ұйымдардың бір әлеуметтік-тарихи ұйымға бірігуі, саяси бірлігі жоқ жаһандық бұқаралық мәдениеттің таралуы. Бұл үрдістің бағытының салдарлары еркіндікті қайта бөліп, мемлекет қоғам өміріндегі басқа субъектілерге қоғамдық мәні бар шешімдер қабылдау болып табылады.

Жаһандану құбылысын зерттеушілер бұны биліктің міндеттен бөлінуі, капитализм, әлеуметтік мемлекет пен демократия арасындағы одақтың жойылуы деп атайды. Сонымен қатар, қоғамдық маңызды шешімдерді ешкім сайламаған капитал иесі қабылдап, ол жергілікті және ұлттық шеңберден жаһандық деңгейге өтті. Осылайша, әлеуметтік маңызды шараларды шешуші құрал болған көпшілік сферасы өзінің әуел бастағы бағытын жоғалтады.

Қазіргі рационалдық мәдениетте миф тікелей мағынасында өзінің құдайлар мен батырлар өмірі жайлы киелі әңгімелеуінен тұрмайды. Қазіргі қоғамдағы мифологиялық ойлаудың сыртқы көріністері: біріншіден, сыртқы шындықтағы өзгерістердің болатындығын білдіретін символикалық іс-әрекеттер; екіншіден, ақиқаттың өзгеруіне байланысты символикалық мағынаның практикалық мағынадан басым түсуі, шындық іс-әрекет. Бірінші жағдайда тілдің ақпараттық түрі магиялық түрге орын береді. Екінші жағдайда кейбір іс-әрекеттің символикалық жағы бола практикалық жағынан басым бола бастайды. Осы белгілеріне қарап, әлеуметтік мифтің көрінуі жайлы айтуға болады. Белгілі жағдайларда әлеуметтік мифті жоспарлы құруға болады. Бұған керекті жағдай мәселені шешуші рационалдық тетіктердің бұзылып, дағдарыс кезеңінің тууы болып табылады. Жасалынған миф ұжымның тілектері мен объективті конъюктураның талабына сай келуі қажет. Мифологиялық құрылым бірегейленуді ұстап тұруға және оны бұзып оған балама бірегейлендірулер туғызуға қолданылуы мүмкін. Идеологияның мифтен айырмашылығы онда тіл ақпараттық сипат алып, теориялық іс-әрекет болып табылады. Өзінің негіздемелерінде ол трансценденттікке жүгінетіндігінен мифологиялық элементтерді сіңіруі қажет. Саяси мифтерде біріктіруші күш қоғамды біріктіру үшін сыртқы мақсат пен мағынада немесе ортақ жауды сипаттауда көрініс

береді. Мифтің көмегімен ұлттық мемлекеттік идеясы заңды деп табылады. Егер рационалды ойлауға сүйенген іс-әрекет, мифті қоғамдық өмірден шетке ысырса, дағдарыс жағдайында рационалды құрылымдар істен шыққанда мифологиялық ойлау көпшілік санасында мифологиялық батырға айналған лидердің айналасына бытыраған адамдарды жинау үшін өз күшіне енеді.

Жаһандық көпшілік ақпарат арналарынан шындыққа сәйкес келмейтін дәлелсіз, рационалды, көпшілік сферасына қайшы келетін мәлімдемелер беріліп жатады. Бірақ, өзінше «кұдайлар мен батырлар жайындағы ертегілер» нағыз мифтер сияқты сөздің тікелей мағынасындағы шындықтың дәл өзі емес, бірақ соған барабар. Кенеттен ашылып кеткен жаңа әлемнің алдында адамның интеллектуалдық шарасыздығын, ресейлік кәсіпқой аналитик: «Жақында ғана ол (адам) өзіне беймәлім, түсініксіздіктің барлығын «кұдай» деп атаса, бүгін де осы мағынада қолданылатын ұғым «жаһандану» деген термин жалпыға мәлім болып отыр.

Осылайша, миф кез келген мәдениеттің, кез келген қоғамның негізіне жататын сананың формасына айналды. Миф кез келген қоғамның ұжымдық түсінігінде орныққандықтан, оны рационалды дәлелдеулермен жоққа шығарудың жөні жоқ. Миф бірқатар әлеуметтік функцияларды атқаратындықтан және оны ауыстыруға келген мифтің қандай болатыны белгісіз болғандықтан оны жоюды мақсат етпеу керек. Бұл дегеніміз, кез келген қоғам мен мәдениеттің құраушы бөлігі болып табылатын мифті рационалды түрде зерттеу мағынасыз дегенді білдірмейді. Мәдениет қоғамның жүйелі аймақтарын жалғастырушы, жүйелілік заңдылықтардың тілін адамдарға өз әлемінің түсінікті тіліне аударатын күш. Бұл тілдің бұзылуы әлеуметтік жүйені мешеулікке алып келеді. Осы реакцияға қарама-қарсылықты күшті ислам мәдениеті көрсетеді.

Мұсылмандық мәдениеттің беріктігі мен күштілігі Батыстың технологиялық жетілдіру идеяларын «ығыстыруға» шақырды демей, күреске шақыру деп қабылдады. Ислам монотеизмі мызғымастай берік: Құдайылық жанама-ланбайды, онда антиктік еуропалық өркениеттің метафизикалық негізі бар. Антикалық философияның мұсылман мәдениетіне әсері іс жүзінде жаншылып тасталған. Бірақ, ортағасырлық Испанияда антикалық философиялық мұраларды жоғалтпай сақтауға тырысты. Ислам мәдениетінде рухани және секулярлық әлемдер арасында институционалдық бөлінушілік болған жоқ. Нәтижесінде сенім элементтерін дін ілімін насихаттаушы бөлшектеуге жол берілмейді. Құранның діни ілімінен тікелей шариаттың құқықтық тұжырымдары (сот мектептері) және саяси теология қалыптасты. Сонымен қатар, Қазақстанда ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында рухани-мәдени жағдайлардың қайшылықтары, ішкі идеялық-адамгершілік мазмұны жұтандады, мұсылман мәдениетінің әсері төмендеді, сыртқы сандық көрсеткіштер (мешіттер саны, дін уағыздаушылар, медреселер және т.б.) азайғанымен дін қазақтар арасында әлсіремеді. Керісінше, фанатизм өршіп, оның догматтық жағы күшейіп, сая-

си факторға әсер етіп, колониализмге қарсы күресті қозғады. Сондықтан Ш. Уәлихановтың бұрынғы қазақтардағы «құлықсыз» ислам деген ойына қарама-қарсы ойлар айтылуына таңдануға болмайды. Сондықтан да байсалды ғылыми негізделген қазақтардағы дінге берілген баға кеңестік кезеңде мұқият жабық болды. Өйткені, шындығында, ағартушы-ғалым, Қазақстанда ислам «ғажайып прогресс» жасады деп жазған болатын [7]. Бұрындары исламға революцияға дейінгі қазақ интеллигенциясы (алаш) көзқарастарын қаперге алмады. Олардың барлығы мұсылмандықты ұлттық-мәдени өмірдің табиғи және ажырамас атрибуты деп білді. Қазақ халқының көшбасшылары халқымыздың тарихындағы исламның рөлін оң бағалап, бұл діннің мәдени, гуманистік, ұйымдастырушылық әлеуетін жаңғыртуға тырысты. М. Дулатовтың «Бізге қалай исламға жол ашуға болады» деген ұранын исламды оның ортағасырлардағыдай болғаны сияқты мәдениеттің, ғылымның, жоғарғы өркениеттіліктің, еркіндіктің және тәуелсіздіктің синонимі ету деп түсіну керек.

Дегенмен, кейінгі жылдары дін мен ұлттың рухани мәдениетін қазіргі кезең тұрғысынан зерттеулер жасауда алға басушылық бар. Отандық философтар ортағасырлық исламның біріктірушілік және өркениеттілік рөлін мойындай бастады, бірақ бұрынғыша (классикалық, ортағасырлық исламның) қазақтар тарихындағы ислам тәжірибесін талдап қорыту жағы жоқ.

Мәдениеттер қоғам өміріне үйлесімділік пен әлеуметтік шоғырлануды тездетіп жүзеге асыруға қабілетті болған жағдайда күшейеді. Үйлесімді қарым-қатынастағы одақтастар болу үшін мәдениеттер бірлігі дүдәмәлді болмауы қажет. Мәдениеттер бірлігін нығайту дискурсивтік мәдениетті дамытудың бір тетігі болып табылады. Мәдениетаралық интеракциялар мәдени бірігулердің маңызын арттырады, бірақ оған қауіп төндіруші болып көрінуі мүмкін. Мәдени интервенцияның пәні мәдени бірлестіктердің негізін құрайтын (тіл, дін, тарих) элементтерінен тұратын болса, бұл түбінде шиеленістерге әкеледі. Бірақ мәдениетаралық байланыстар осы мәдени бірігуді негіздей отырып, оған қызмет ете алады. Осыны қорытындылай келе, С. Хантингтонның мәдениеттерді жетілдіріп, тоқырауын болдырмауда діннің маңызын арттыру керек деген болжамы шындыққа сәйкес [9]. Дін мәдени бірігулердің маңызды элементтерінің бірі болып саналады. Мәдениеттердің шоғырлануына басқа ешқандай фактор бай материал бере алмайды. Сондықтан оғаштықтардың болуы кездейсоқ емес: дағдарыстағы мәдени жаһанданудың дамуымен қатар «діни жаһандану» деп атап жүргеніміз экумендік қозғалыс [10].

Жастар мен ересек тұрғындар арасындағы діни «дүмпуді» көптеген кеңестік кезеңнен кейінгі идеологтар руханилыққа оралтқан оңды құбылыс деп бағалады.

Бірақта оның теріс жақтары да аз болмады. Дінаралық қақтығыстар тез үдей бастады. Магия мен сиқыршылыққа әуестік артты. Өздерін рухани емшілеріміз және экстрассенспіз деп жүрген кезбелер қаптап кетті. Әсіресе, тоталитарлық және ібілістік секталар іс-әрекеті өте қауіпті бола бастады. Бұл жағдайда ересек

тұрғындар, жасөспірімдер мен балалар арасында діни әлем толық бағытынан айрылып қалды. Діни әлем өте қарама-қайшылыққа толы. Ол ғажайыптар мен жұмбаққа толы. Өзінің құпиясымен тартса, кереғарлығымен қорқытады, онда асқақтық пен опасыздықтың ғажайып бірлігі тоғысқан. Онда оңай адасуға, жоғалып кетуге, тіптен құрып кетуге болады. Сондықтан бұл әлемді зерттеудің маңызы өте зор. Шынымен де, мәдени жаһандану діни секталардың өсуіне әкеледі (әсіресе діни мәдениеті бүлінген елдерде), діни институттардың өкілдері жаһандануға қарсы қозғалыстың басында тұрады. Дегенмен діни пікір алмасу мен сұхбат тудырушы, экуменикалық сұхбаттың болашағы бар. Мешіттер мен шіркеулер дінаралық сұхбат арқылы әлемдік байланыстар қоғамдастығында өз дауысын естірте алуы керек. Керісінше, қарқынды байланыстар ынтымақтастық пен бірігудің тетіктерін нығайтуды мақсат етеді. Мәдениет тұтас жүйе, ондағы бір элементтің бүлінуі, басқа органдарға қауіп төндіреді. Егер мәдениет жеткілікті дәрежеде рационалданса, жеке адамдар бірауыздан тез жаңа тәртіп ережелерін табуы үшін мәдени дәстүрлердің орнын толтыруға болады.

Осы мақсатты мәдениетте жоғалған дәстүрдің орнын толтырушы дискурстар атқаруы тиіс.

Халықтардың «өзіндік мәдениетіне деген құқығы және толыққанды мәдени бірегейлігі дамуына коммуникативті қоғамдастықтың негізі болуға тиіс әмбебапты мәдени негізі жайындағы мәселені шешпейді. Мәдени жаһандану процесі қандай құндылықтық негізге ие? К.-О. Апель іздеп отырған жалпы мәдени құндылықтық негіз әлеуметтік үйлесу мәселесімен байланыстыруға тырысу құлдырауға соқтырады деп атап көрсетті: «Оның себебі, егер ол белгілі бір әлеуметтік мәдени өмірдің түріне жататындығы анықталмаған жағдайда белгілі бір жеке адамның үйлесімділігі мойындалмайды» [11].

Мәдениет адамдар іс-әрекетінің жемісі болып табылатындықтан, адамдар қауымдастығынан тыс өмір сүре алмайды.

Бұл қоғамдастықтар мәдениет субъектілері болып табылады, оны жасаушы және алып жүрушісі Ұлт өз құқығын жүзеге асыруының – рәмізі ретінде өз мәдениетін жасайды және сақтайды. Ұлт мәдени шындық ретінде өзін әдет-ғұрыптарында, өзінің еркін бағыттауында, құндылықтық бағдарларында, тілі, искусствосында, поэзиясында, діни арқылы көрсетеді. Ұлт өзінің ең жоғары атқаратын міндетін ұлт ретіндегі өмір сүруінен көруі қажет. Ол үнемі мемлекеттің суверенділігін нығайтуға атсалысуы тиіс. Өзіндік болмысының сақталуы мен нығаюы, ішкі күштердің белсенділігі және ұлттың ішкі энергиясының көріністеріне байланысты.

Қоғамдастықтың мәдениеті жеке адамдар мәдениетінің қосындысы емес, ол жекеліктен жоғары және құндылықтар, шығармашылық туындылары мен қоғамдастық адамдарының мінез-құлықтарының қалыптарынан тұрады. Мәдениет – адамды қоғамдастықтың мүшесі етіп қалыптастыратын бірден бір күш.

---

Мәдениеттің коммерциялануы оның жүйелі түрде жұмыс істеуін бұзып, мәдениетті бұрмалайды. Мәдениет нарықпен ажырамастай тең бола алмайды. Сондықтан да белгілі бір мәдени протекционизм заңды ғана емес, белгілі бір деңгейде қажет. Мақаланың көлемі жаһандану процесі жайында дискуссиялар барысындағы барлық мәселелерді ашып көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Дегенмен де, жаһандану ғаламшар тағдыры жайлы ойлануға итермелеп, Жер экожүйесінің нәзіктігі мен қорғансыздығы адамзат белсенділігінің өсуіне байланысты ғаламдық алғышарттарға жол ашады.

1. Шеллинг Ф.В. Сочинения в 2 т. М. Мысль. 1987.
2. Ницше Ф. Сочинения в 2 т. Т. 1. М. Мысль. 1990. 143. О происхождении богов. М. Советская Россия. 1990.
3. Леви-Строс К. Первобытное мышление. М. Республика. 1994.
4. Токарев А., Мелетинский Е.М. Мифы народов мира. М., 1980-1982. Т. 1, 2.
5. Братимов О.В., Горский Ю.М., Делягин М.Г., Коваленко А.А. Практика глобализации: игры и правила новой эпохи. – М., 2000. – С. 15.
6. Petersen E., *Der Monotheismus als politisches Problem*, Leipzig, 1935. С. 96.
7. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: В 5-ти т. Т. 1. Алма-Ата. 1984. С. 303.
8. Дулатов М. Шығармалары. Алматы. 1991. 32 б.
9. Huntington S., *The Clash of Civilization*. N.Y., 1996. С. 143.
10. Там же.
11. Apel K.-O., *Das Problem der Gerechtigkeit in einer multikulturellen Gesellschaft*. // Apel K.-O., *Das Problem der Gerechtigkeit in einer multikulturellen Gesellschaft* // Fernet-Betancourt R. (Hrsg.), *Armut im Spannungsfeld zwischen Globalisierung und dem Recht auf eigene Kultur*. Frankfurt a. M., 1998. С. 108.

### **Мадалиева Ж.К.**

#### **Влияние феноменов «миф», «религия» и «культура» на глобализацию**

В настоящей статье рассматриваются феномены «миф», «религия» и «культура», которые являются весьма притягательными объектами исследования для современной науки. Эти феномены изучают различные области гуманитарного знания, в каждой из них они получают особую трактовку.

### **Madalievа G.K.**

#### **Influence of Such Phenomena as «Myth», «Religion» and «Culture» on Globalization.**

In the present article phenomena of «myth», «religion» and «culture» which are rather attractive objects of research for a modern science are considered. These phenomena study various areas of humanitarian knowledge, in each of them they receive special treatment.